

## 2008 жылы Целиноград ауданында әлеуметтік жұмыс орындарын ұйымдастыру

### *Күшін жойған*

Ақмола облысы Целиноград ауданы әкімдігінің 2008 жылғы 2 қыркүйектегі N 160 қаулысы. Ақмола облысы Целиноград ауданының әділет басқармасында 2008 жылғы 29 қыркүйекте 1-17-74 тіркелді. Күші жойылды - Ақмола облысы Целиноград ауданы әкімдігінің 2009 жылғы 7 желтоқсандағы № 263 қаулысымен

**Ескерту. Күші жойылды - Ақмола облысы Целиноград ауданы әкімдігінің 2009.12.07 № 263 қаулысымен**

Қазақстан Республикасының "Халықты жұмыспен қамту туралы" Заңының 18-1 бабына сәйкес, негізінде халықтың мақсатты тобын әлеуметтік қорғау бойынша қосымша шаралар белгілеу үшін Целиноград ауданының әкімдігі

Қ А У Л Ы

Е Т Е Д І :

1. 2008 жылы Целиноград ауданында әлеуметтік жұмыс орындарды ұйымдастырсын.

2. Целиноград ауданының "Жұмыспен қамту және әлеуметтік бағдарламалар бөлімі" мемлекеттік мекеме 2008 жылы мақсатты тобында тұрған жұмыссыз азаматтар үшін әлеуметтік жұмыс орындарды қамтамасыз ету.

3. Целиноград ауданының әлеуметтік жұмыс орындарына жіберілген жұмыссыздардың әкіми-аймақтық бірліктерінің тізбесі бекітілсін.

4. Целиноград ауданы әкімдігінің қаулы 2007 жылы 12 желтоқсанда № 254, Целиноград ауданы Әділет басқармасында 2008 жылғы 11 қаңтарда № 1-17-63 болып тіркелген, 2008 жылғы 25 қаңтарда аудандық "Ұран" № 4, "Призыв" № 4-5 газеттерінде жарияланған, 2008 жылы Целиноград ауданында әлеуметтік жұмыс орындарын ұйымдастыру және қаржыландыру Қағидасын бекіту туралы сәйкес әлеуметтік жұмыс орындарына орналасқан жұмыссыздардың еңбек ақысы және жұмыс берушілердің шығынының өтемін бөліп төлеуді аудандық қаржы қорынан бөлуді.

Осы қаулы Целиноград ауданының Әділет басқармасында мемлекеттік тіркеуден өткеннен кейін күшіне еніп аудандық "Призыв" - "Ұран" газетіндересми жарияланған күннен бастап қолданысқа енгізіледі.

Аудан әкімі

М.Мынжанов

КЕЛІСІЛДІ:

Целиноград ауданының  
жұмыспен қамту және

*әлеуметтік бағдарламалар*  
*А.Әшіров*

*бөлімінің бастығы*  
Целиноград ауданы  
әкімдігінің қаулысына  
2008 жылғы 2 қыркүйектегі № 160  
Қосымша  
БЕКІТІЛСІН

**Целиноград ауданының әлеуметтік жұмыс орындарына жіберілген жұмыссыздардың әкімі-аймақтық бірліктерінің ТІЗБЕСІ**

№	Ауылдық округтердің аталуы	Жіберілген адамдардың саны
1	Воздвиженка	12
2	Қабанбай батыр	5
3	Максимовка	16
4	Ақмол	10
5	Мәншук	5
6	Новошим	3
7	Оразак	6
8	Шалқар	1
	Барлығы	58